

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т. II - Б. 58-61

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША КҮРІШ ДАҚЫЛЫ ЕГІСТІГІНДЕ КЕҢ ТАРАҒАН АРАМШӨПТЕР ЖӘНЕ ОЛАРМЕН КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫ

Халықбек Н.

Күріш - суды және ыстықты жақсы көретін дақыл түрі болып табылады. Ылғалы мол тропиктік және суптропиктік аймақтарда көптеп өсіріледі. Дүние жүзінде күрішті өсіру бойынша Қытай, Үндістан, Вьетнам, Бангладеш, Корея, Индонезия секілді елдер алдыңғы орындарда тұрады және дақыл бойынша жаңа сорттар мен кең ауқымды зерттеу жұмыстарын жүргізу бойынша ең ірі зерттеу орталықтары да осы елдерде орналасқан. Әлем бойынша оның егістік жер көлемі бидайдан кейін екінші орынды алады - 148 млн га, ал өнімділігі 36,9 ц/га құрайды [1].

Қазақстан қазіргі таңда өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін шағын және орта шаруашылықтың дамуына аса назар аударылуда. Соның ішінде маңыздысы шикізатты қалдықсыз өндіру технологиясы. Бұл жаңа бастамалар Қазақстанның экономикалық және рухани жаңғыруына негізделген. Осы әлеуметтік-экономикалық және аграрлық саладағы әлеуетті дамуда күріш өсіру технологиясы алда тұр. Әлемде 3,5 миллиардтан астам адам күрішті тұтынады. Қазақстанда бұл салада белсенділік танытатын Қызылорда өңірі күріш жармасын өндірудің 80%-ын алады. Сыр өңірінің маржан күріші қазіргі таңда шетелдің 10 мемлекетін күрішпен қамтамасыз етіп отыр. Сол себепті Қызылорда облысының күріш өндіру шаруашылығына жыл сайын көптеген миллион қаржы бөлініп отыр. Бұл қаржы шаруаларға өндіріс үшін несие ретінде берілді. Шағын және үлкен ауылшарушылығымен айналысатын шаруалар күріш өнімділігін жақсы жүргізу нәтижесінде қазіргі кезде күріш шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігі артуда [2,3].

Қызылорда облысы өңірі жерлері күріш дақылын өсіру үшін қолайлы болып табылғандықтан бұл аймақта көптеп өсіріледі. Сол себепті осыған сай мұнда күріш дақылы зиянкестері, аурулары мен арам шөптері көптеп кездеседі десек те болады. Сондықтан жыл сайын облыс өңірлерінде аурулар мен зиянкестерге анықтау, есептеу, ЭЗШ және күресу, алдын алу шаралары көптеп жүргізіледі. Егін себілерден бастап оны жинағанға дейінгі аралықта көптеген шаралар орындалады. Көктемгі уақытта көбінесе зиянкестерге бақылау жұмыстары жүргізіледі. Бұл жұмыстардың ең алғашқы мақсаттарының бірі қыстап шыққан зиянкес пен ауру қоздырғыштарының санан анықтау. Жазда жүргізілетін шаралар олардың зияндылық мөлшерін анықтап және оларға күресу шараларын, нақтылап айтқанда агротехникалық

химиялық жіне механикалық, биологиялық шараларды жүргізі үшін жасалады. Анықталған нысандарды шкала бойынша жіктеп, қолданылатын шаралар тағайындалады. Күзгі шаралар негізінен зиянкес пен ауру қоздырғышы және арамшөп тұқымдарының қанша мөлшерде қыстауға кетіп бара жатқанын анықтау үшін жүргізіледі.

Осы жоғарыда айтылған жұмыстар бойынша Қызылорда облысында 2019 жылы анықтау шаралары жүргізіліп нәтижесінде соған сәйкес күресу шаралары жүргізілген болатын. Бұл анықтамалар бойынша сонымен қатар 2020 жылға алдын алу шаралары тағайындалып және күресу шаралары ұйымдастырылды.

Қызылорда облысы негізінен күріш дақылын өсірумен айналысатын болғандықтан ондағы жеке шаруа құрылымдары егістерінің көпшілігі ауыспалы егістік болып табылады. 2019 жылы облыс бойынша 86,70 мың/га дәнді дақылдар 3,32 мың/га көкөніс, бақша, картоп, ал күріш дақылы 79,76 мың/га жерге себілді. Осы жылдың ауа-райының қолайлы болғандықтан, күрішті суға бастырғаннан кейін, егін көгі тез және өз дәрежесінде көктеп шығып, арамшөптердің ерте өсуіне мүмкіндік жасады. Күріш дақылын ластаушыларға ылғал сүйгіштерден-шиін, күрмек, батпақта өсетіндерден-доңыз қоға және қамыс болып табылады. Соңғы жылдары күріштік жерлерде арамшөптің шашақты теңгебас деген жаңа түрі кездесе бастады. Себебі, көп жылдар бойы алқаптың тазаланбауы салдарынан, батпақтану құбылысының артуынан. Облыс аумағында арамшөп түрлерінің әр кезезіндегі өсіп-өнуі ерекшеліктерін көп жыл бақылаудың нәтижесінде бойынша жауын-шашынның аз мөлшерде болуы күзгі және көктемгі мезгілдерге сәйкес келетіндіктен, табиғи фитоценоздағы арамшөптердің тұқымнан өніп шығуы мен тамырдан көктеуіне ыңғайлы. Күзгі жауындардан кейін, ылғалы жоғары жерлерде алабұта арамшөбі тұқымы өніп шығады және күріш атыздарырында орылып кеткен арамшөп сабақтары қайтадан көктеп, едәуір дәрежеде өркендей алады. Мысалы, орылып алынған күріш атыздары 15 -20 күннен соң көк атызға айналады.

Күріш дақылы бойынша көктемгі – жазғы маусымда зерттелген 39,56 мың гектар егістік жерлердің 28,98 мың/га, 73,3 %, көлемі арамшөптермен ластанған. Оның ішінде аз жылдық астық тұқымдастармен 12,91 мың га ластанған, тамырсабақты арамшөптермен 16,07 мың/га. Төменгі дәрежеде 9,79 мың/га, 24,7% орташа дәрежеде 12,07 мың/га, яғни 30,3%, жоғары дәрежеде 7,12 мың/га яғни 18% ластанды [4].

Кәдімгі қамыс (*Pyragmites australis*). Қамыс күріш атыздарының жиегінде сәуір айының 1-ші онкүндігінде сүйріктеніп шықты және мамыр айында сабақтанып, биіктігі шамамен 45-55 см, маусым айында 125-150 см жетті. Ол егістік атыздарына алғашқы себілген күріш суға бастырылған соң, яғни мамыр айының 1-ші онкүндігі соңында. Қамыстың сабақтануы мамырдың II онкүндігінде басталып, биіктігі 15-20 см-ге жетеді және тығыздығы 1 шаршы метрде 2-3 данадан кездеседі, ал, маусым айында 6-10 данаға жеткен болатын. Маусым айында қамыс сабақтанып, биіктігі 55-65 см биіктікте болды. Гүлдену кезеңі шілде айының үшінші онкүндігінде

басталып, тамыз айының екінші онкүндігінде толық гүлдеп бітті. Дәндерінің пісуі қыркүйек айының бірінші онкүндігінде бітіп, дәндері толық пісіп жетілген соң тұқымдарын шаша бастады.

Қамыс арамшөбі негізінен гербицидке өте төзімді келеді, гербицидпен өңделгеннен кейінде тамыр жүйелері сақтала береді. Олардың топырақ қабатындағы тамыр жүйелерінің кең көлемде таралуы салдарынан келер жылы да жаңа өсімдік кең көлемде өніп шыға алады. Қамыстың тағы бір ерекшелігі топ болып өседі. Жылда қамысқа қарсы күрестің әр түрлі агротехникалық шаралары жасалуы тиіс. Қамысқа қарсы күресте жоңышқа егісін игеру керек және сонымен қатар топырақ өңдеудің ерекше маңызы бар. Жаңадан өңделген жерлерде қамыс тамырлары топырақтың 20-40 см қабатында жататындықтан оған қарсы агротехникалық шаралар: күздік сүдігер жырту және көктемде тұқым себер алдында егістікті 28-30 см терең жырту керек. Күзгі қамыс тамырларына қыста үсіп, көктемде қурап кетуіне жағдай жасалса, егістік жерлерде қамыспен ластану дәрежесі біршама төмендейді.

Доңыз қоға (*Bolboshoenus compactus*). Доңыз қоғаның алғашқы өскіндері алғашқы себілген күріш суға бастырылған соң, мамыр айының 1-ші онкүндігінен бастап көрінді. Доңыз қоғаның түптену фазасы маусымның 1-ші онкүндігінде басталып, маусымның 3-ші онкүндігінде гүлденді. Маусым айының 2-ші онкүндігіннен бастап оған қарсы химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді, оған АЗИМЕКС (азимсульфурон, 500 г/кг) БАЗАГРАН, 48% ә.з (бентазон, 480 г/л) препараттары қолданып, олардың әсері 80-90 пайыз шамасында болды. Бұл препараттардың әсері күріш дақылдың түптену, түтікке шығару фазасына тура келеді және доңыз қоғаның жапырақ пен сабақтарын жойып, күріштің бойлап өсуіне әсер етті. Доңыз қоғаның жаппай гүлденуі шілде айының 1-ші онкүндігінде басталып, әр түрлі деңгейде тамыз айының 1-ші онкүндігіне дейін созылды. Дәндерінің пісуі тамыз айының 2-3 ші онкүндігінде байқалады. Доңыз қоғамен ластану дәрежесін азайту үшін күзгі сүдігерді терең жырттып, олардың түйнек тамырларын қыста үсіру керек. Көктемде тырмалап, түйнек тамырларын сыртқа шығару, су деңгейін 15 см тереңдікте ұстау арқылы агротехника шараларын сақтаса, доңыз қоға арамшөбінің өсіп өнуін тежейді.

Күрмек (*Echinochloa crus galli*). Шиін-күрмек арамшөбі мамыр айының бірінші онкүндігінде топырақ температурасы +4 +5°C жылылықта өніп бастап, 2-ші онкүндігінде 2-3 жапырақ шығып оның биіктігі шамамен 6-10 см жетті. Мамыр айының 3-ші онкүндігімен маусым айының 2-ші онкүндігіне дейін түптөніп, арамшөптерге қарсы «БЕНТАМЕКС», «ГУЛЛИВЕР» гербицидтерін пайдаланып, нәтижесінде олардың тиімділігі 80-90 пайыз шамасында болды. Түтіктену кезеңі шілде айының 20-на дейін созылды, биіктігі 30-35 см. Гүлдеу кезеңі тамыз айының бірінші онкүндігінде басталса, 2-ші онкүндігінде толық пісіп, тұқымдарын шаша бастады. Келер жылы шиін- күрмек арамшөбі егіс алқаптарында көптеп көрініс беруі мүмкін. Себебі топырақта 10-13 жылға дейін өнгіштік қасиетін сақтайды. Күрмектің қылтықты түрлері күрішпен бірге піседі және

төгілмейді. Сондықтан күріштің дәніне араласып, дәнін ластайды. Тұқымды тазалау кезеңінде күрмек тұқымы күріштің тұқымынан ажырату өте қиын. Бұл арамшөптердің тамыр жүйелері күріштің тамырына қарағанда күшті дамыған және жуандау, ылғал сору қабілеті өте жоғары 40-80 % ылғалды жерде өседі. Сондықтан ауыспалы егіс ротациясын сақтау, күзде сүдігер жырту, тұқымның сапасын арттыру, тұқым себер алдында өңдеп себу.

Күресу шаралары. Күріш дақылы арамшөптерімен күресу шараларына ең алдымен агротехникалық шараларды жатқызсақ болады. Оған егістікті қатар аралық өңдеу, арамшөп жіпшелерін жою және жер астында қалған арамшөп тұқымдарынан егістікті тазалау керек. Сонымен қатар егістікте міндетті түрде ауыспалы егісті сақтау керек. Бұл арамшөптердің санын азайтуда жақсы ісерін тигізеді. Екінші кезекте химиялық өңдеу қолданылады. Арамшөптерден құтылу үшін химиялық препараттар қолдану өте тиімді. Бұл шара егістікте екі рет жүргізілуі мүмкін. Ол алқыптың қаншалықты деңгейде залалданғанына және алдыңғы жылғы болжамға сәйкес жүргізіледі. Негізінен қазіргі таңда Қазақстан Республикасының қолдануға рұқсат етілген тізімі бойынша рұқсат етілген гербицидтер қолданылады. Оларға (азимсульфурон, 500 г/кг), БАЗАГРАН, 48% ә.з (бентазон, 480 г/л), БАЗАГРАН М, 37% ә.з (бентазон 25% + МСРА натрий-калийлі тұз, 12,5%), БЕНТАМЕКС, ә.е.з. (бентазон, 480 г/л), БОЛИВЕР, 50% ә.е.з. (азимсульфурон, 500г/кг) тағы басқа химиялық гербицидтерді қолдануға болады. Бұл күресу шаралары нәтижесінде егін бітік шығып, өнім көлемі мол болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Resistance Genes and their Interactions with Bacterial Blight/Leaf Streak Pathogens (*Xanthomonas oryzae*) in Rice (*Oryza sativa* L.) - an Updated Review. Jiang et al. Rice (2020) 13:3 <https://doi.org/10.1186/s12284-019-0358-y>

2 Өсімдік шаруашылығы. Оқулық / Әрінов Қ.К. ж.б. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. -632 б.

3 Қазақстан Республикасының агроөндірістік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы. Астана, 2017 жыл 176 б.

4 Данные годовых отчетов Кызылординского областного филиала РГУ «Республиканский методический центр фитосанитарной диагностики и прогнозов» КГИ в АПК МСХ РК 2017-2019г.г.

Ғылыми жетекші: Утельбаев Е.А. PhD, қауымдастырылған профессоры